

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСТЕРІ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әдістемелік құрал

ОРГАНИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПОПЕЧИТЕЛЬСКИХ СОВЕТОВ

Методическое руководство

Астана
2014

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2014 жылғы 26 қыркүйектің № 8 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 26 сентября 2014 года).

Қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыру. Әдістемелік құрал – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. – 33 б.

Организация деятельности попечительских советов. Методическое руководство. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2014. – 31 с.

Әдістемелік құрал білім мазмұнын жаңартудың қазіргі таңдағы өзекті мәселесі – білім беру ұйымдары қамқоршылық кеңестерінің қызметін ұйымдастыруға арналған.

Құралда мектептегі қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыру жолдары туралы баяндалған, қамқоршылық кеңестері қызметін аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырудың қазақстандық және шетелдік тәжірибесі талданған, сонымен бірге білім беру ұйымдары қамқоршылық кеңестерінің қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленген.

Пособие посвящено актуальным в современных условиях обновления содержания образования вопросам организации деятельности попечительских советов организаций образования.

В книге даются ответы на вопросы, каким образом организовать попечительский совет школы, проанализирован казахстанский и зарубежный опыт организации деятельности попечительских советов, выявлены особенности организации работы попечительских советов с учетом региональных особенностей и разработаны методические рекомендации по организации деятельности попечительских советов в организациях образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2014

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2014

Кіріспе

Білім берудің қазіргі кезеңінде қамқоршылық кеңестері қызметін жандандыру әрекеті қоғам мен мемлекет тарабынан мектепке қолдау көрсету механизмін құру қажеттігін түсінгендігін көрсетеді.

Қамқоршылық кеңестерінің қызмет аясы мектеп әкімшілігімен бірге білім беру ұйымын дамыту стратегиясын дайындау, білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуына бақылау жүргізу болып табылады.

Мектептің әлеуметтік серіктестік жүйесін реттеуі – бұл білім беру процесіне қатысушылардың барлығына білім мен тәрбие беретін мектепте және мектептен тыс жерде жаңа әлеуметтік шынайылықты орнатуды білдіреді. Мектептің негізінде мемлекеттік-қоғамдық ынтымақтастықты реттеу әдіснамасы мектеп ішінде және мектептен тыс жерде қажет құрылымдарды жобалауды, ұйымдастыру мен дамытуды, қолданыстағы заңнама негізінде олардың тиімді қызмет ету тәртібін дайындауды және игеруді білдіреді.

Жұмыстың өзектілігі тұтас алғанда қазақстандық қоғамның қарқынды және тез өзгеру шарттарымен, және өмірдің түрлі салаларында нарықтық экономика, құқықтық мемлекет, азаматтық сана және қоғамдық белсенділік сияқты оның маңызды элементтерінің орнауымен келісілген.

Қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыру проблемасын зерттеудің қажеттілігі дамудың инновациялық жолына өту, басымдылық ретінде адами капиталды бөліп көрсету сияқты әлемдік кеңістіктегі әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси өзгерістермен және білім берудегі қазіргі объективті қарама-қайшылықтармен байланысты. Білім беру ұйымдарының қызметіне әлеуметтік әріптестіктің қосылуын және білім беру процесінің субъектілері мен жұртшылықтың олар үшін жеткіліксіз бағдарланған әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуде өзара тиімді әрекеттестікті арттыратын процестер негізгі қарама-қайшылыққа жатады.

Білім беру және әлеуметтік қоғау салаларындағы проблемалар соңғы кездері мемлекет пен жұртшылық тарабынан қызығушылық туғызып отыр, және қамқоршылық кеңестерін құру осы салаларда қызмет ететін мекеме қызметінің тиімділігін арттырудың бірден бір тетігі болуы мүмкін.

Білім беру саласында қамқоршылық кеңестері өзге құрылымдармен қатар білім беруді дамыту үшін жағдайлар туғызуға, оның қолжетімдігін, сапасын және еңбек нарығының ағымдағы әрі болашақтағы сұранысына сәйкестігін, балалар мен жастарды қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге қабілетті.

Қамқоршылық кеңестерінің қызметін ғылыми-әдістемелік түсіну уақыт сұранысынан айтарлықтай артта қалып келеді.

Осыған байланысты әдістемелік құралдың мақсаты – қамқоршылық кеңестерін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тәжірибесін тарату. Кітапта фактілік материалдар негізінде логикалық жүйелілікпен баяндалған қамқоршылық кеңестерін ұйымдастырудың қазақстандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу жөніндегі материалдар; білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестері

қызметін ұйымдастырудың талдауы; білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар берілген.

1 Қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастырудың қазақстандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу

Қазақстандағы қамқоршылық кеңестері мазмұны жағынан білім беру ұйымдарын басқарудың жаңа, прогрессивті формасы болып отыр. Жаңа құрылымдарға мектептің стратегиясын анықтауды жүктейді, басшылық қызметтерге мамандарды тағайындайды, сондай-ақ қаржы қызметін бақылауға кеңес береді.

Білім беру ұйымдары қамқоршылық кеңестерінде ата-аналар жұртшылығы, үкіметтік емес ұйымдары, бизнес өкілдері және педагогтардың өздері қызмет етеді.

Назарбаев Университеті қамқоршылық кеңесінде Жоғары қамқоршылық кеңесінің мүшелері алдында сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті басшылық тарапынан өтініш пен өкім күтіп отырудың қажеті жоқ екеніне баса назар аударды. Қамқоршыларға өте маңызды міндет жүктелді, сондықтан олар проблеманы өздері тауып, байыбына баруы, шешімін табуы және көмек көрсетуі тиіс.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін» құру мақсатымен қатар «білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің үлесін 2015 жылы 45%-дан 2020 жылы 60% - ға арттыру» міндетін белгіледі [1].

Бағдарлама Қазақстандағы білім беруді басқаруда қамқоршылық кеңестеріне жұртшылықты тарту ісінде басты механизм рөлін белгіледі. «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелері» (2007 ж.) қамқоршылық кеңестерін құруды және қызметін реттейтін ереже болып табылады [2].

Қамқоршылық ұғымы қолдаушылық, қамқорлық мағынасын білдіретіні бәрімізге белгілі.

Ешбір мемлекетте және ешқандай қоғамдық құрылыста оқу орындарын жоғары деңгейде ұстап тұру мүмкін болмаған шығар. Бұрынғы кезде қамқоршылық кеңестері көпестерден, шонжарлар мен губернаторлардан, жоғары деңгейлі шенеуніктерден тұрды. Кейбір қазақстандық отбасыларда бүгінгі күнге дейін әжелерінің мектеп директорымен бірге қаланың құрметті азаматтары – қамқоршылық кеңесінің мүшелері қол қойған орта білім туралы аттестаты сақталған.

Бүгінгі күні Қазақстанда мектептер жанында 3259 қамқоршылық кеңестері бар. Олардың көпшілігі Үлгілік жоспарға сәйкес мектеп ұйымы жанындағы өзін өзі басқару органы ретінде ресімделген. Жеке қамқоршылық кеңестер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке заңды тұлға түрінде қоғамдық қор немесе бірлестіктер ретінде құрылған.

Қамқоршылық кеңестерінің жұмыс істеуі нәтижесінде мектептер үшін істің кең аясы ашылады. Мектеп бюджеті үш бөлімнен тұратын болады. Бірінші бөлім – негізгі, яғни стандарттарды ұстау, екінші – ғимаратты ұстау. Үшінші –

гранттар – бұл ынталандыру бөлімі. Жыл бойы атқарылған жұмыстың қорытындысы балдық жүйе бойынша шығарылады, егер мектеп жақсы жұмыс атқарса, қосымша гранттар бөлінеді.

Қамқоршылық кеңестері қызметінің талдауы көрсеткендей, қамқоршылық кеңестерінің ұйымдастырушылық-құқықтық формасы білім беруді басқару, қаржы тарту және мектептердің қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, жұртшылықты орта білім беру ұйымдарын басқару ісіне қатысуға ынталандыру мәселелері бойынша бірқатар қиындықтарды басынан өткеріп отыр. Оларды жою үшін қамқоршылық кеңестері институтын нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуге өзгерістер енгізуді талап етеді. Қазақстанда қамқоршылық кеңестері қызметін одан әрі оңтайландыру жөнінде шешім іздестіру таяу және алыс шетелдердегі қамқоршылық кеңестері институтын құру және даму тәжірибесін зерттеуді қажет етеді.

Келесі проблема жұртшылыққа қамқоршылық кеңестері туралы ақпаратты, олардың қызметі, құру тәртібі, олардың білім беру ұйымдарындағы мақсаты мен рөлі туралы хабарлау проблемасы.

Өкінішке орай, біздің елімізде көп жағдайда қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыру қосымша және материалдық қаржыны тарту механизмі ретінде қарастырылады, ал шет елдерде қамқоршылық кеңестері айтарлықтай өкілеттігі бар басқару органдарының бекім орнын алған.

Білім беру ұйымдары арасынан қамқоршылық кеңестері қызметінің жақсы тәжірибесі бар Шығыс Қазақстан облысы № 1 Жезкент орта мектебін атап көрсетуге болады. Бұл мектепте мектеп дамуына қажет неғұрлым көп ресурстар тартуы үшін қамқоршылық кеңестері мен демеушілердің өзара шығармашылық қарым-қатынасы қалыптасқан. Қатысу үшін мысалы, агороқұрылымдар мен кәсіпорындардың басшылары шақырылады. Олардың көпшілігі қамқоршылық кеңестерімен белсенді түрде жұмыс жүргізе бастады және айтарлықтай материалдық қолдау көрсетуде. Қамқоршылық кеңестер пилоттық жоба ретінде құрылған Алматы қаласындағы бірнеше мектептің іс-тәжірибесі құптауға тұрарлық. Мысалы, №158 мектептің қамқоршылық кеңесі болып табылатын «Үміт» қоғамдық қоры. Сол сияқты Алматы қаласындағы № 175 мектеп-гимназиясының, Қостанай қаласындағы физикалық-математикалық лицейдің іс-тәжірибесі қызықты. Ақмола облысы Аршалы ауданы Арнасай ауылы Вячеслав орта мектебі қамқоршылық кеңесінде «Ақ бота» қоғамдық қоры, әкімшілік құрылымдар (ауыл әкімі), Ардагерлер кеңесінің мүшелері, амбулатория, клуб, бала бақша басшылары, әскери бөлімдердің өкілдері бар.

Мысалы, «Ақ бота» ҚҚ тек мектеп үшін ғана емес, сондай-ақ жергілікті жұртшылыққа қажет жобаға, мысалы, балаларға ғана емес, сол сияқты олардың ата-аналарына, ауылдың барлық тұрғындарына қызмет көрсететін физио- және стоматология кабинеттеріне жабдықтар алу үшін тиісті гранттар іздестіруде.

«Пар айдайтын жердің топырақты қорғаудың баламалы табиғатты сақтау технологияларын көрсету», «Тұқымдық картофельді мерестемдік технология бойынша өсіру», «Вячеслав ауылының табиғи ауыз су көздерін сақтау» және т.б. жобалар мектепке елеулі қаржы түсірді. Бірақ бұл тек қаржы ғана емес –

сондай-ақ бұл оқушылардың зерттеу жұмыстары, отандық және шетелдік оқымыстылармен танысуы, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы. Бұл жобалардың нәтижелерін ауданның (олар картофельдің аудандастырылған элиталы тұқымдарын алды) және Арнасай ауылының фермерлері (су құбыры жөндеу жұмысына жабылған кезде халық ауыз суды балалардың жобасы бойынша түзетілген бұлақтардан алды) пайдалана алды.

Алматы қаласындағы №175 гимназия мектептердің қолдаушылығы мен патронатына мысал бола алады. Бұл гимназияның ата-аналары – танымал адамдар, «2011 жылғы VII қысқы Азия ойындарын ұйымдастыру комитетінің атқарушы дирекциясы» АҚ Алматы филиалының директоры Қайрат Досаев қамқоршылық кеңесінің төрағасы болған уақыт аралығында мектепке барынша белсенді түрде көмек көрсетілуде.

Дегенмен, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қамқоршылық кеңесі міндеттерінің бірі – бюджеттен тыс қаржы тарту, оларды бөлу және бақылау болғандықтан, олар банкте өз шоты болмайынша күн көре алмайды. Мұның барлығы заңды тіркеуді, салықтық есептілікті, штатты қажет етеді. Осыған байланысты білім беру ұйымдары қазіргі таңда қамқоршылық кеңестері қызметін заңды ресімдеу мен сүйемелдеу мәселесін қарастыруы қажет.

Қамқоршылық кеңестерін құру мен жұмыс істеудің шет елдік іс-тәжірибесін зерттеу көрсеткендей, олар жанынан құрылған мекемелердің (органдардың) ұйымдастыру құрылымын және саясатын қалыптастыратын жоғары атқарушы билігі бар, заң шығару органдары болып табылады.

Шет елдік кеңестердің қызметі жөніндегі әдебиеттер талдауы олардың басым қызметтерін көрсету мүмкіндігін береді.

Білім беру саясатын жүзеге асыру. Бұл қамқоршылық кеңестері жауап беретін басты міндеті. Ұлыбританияда басқармаға «мүдделі тараптардың» Басқарушы кеңестер арқылы қосылуымен мектептік білім беруді басқарудың жекеленуі негізгі стратегия ретінде таңдап алынды.

Бірақ Ұлыбританияда жекелену кезінде мемлекет мектепті басқарудан бас тартқан жоқ, ол өзіне 28 000-ға таяу ағылшын мектептерінің қаржыландыруы, саясаты мен оқыту бағдарламаларының негіздері үшін жауапкершілік алды. Білім беру реформасында мемлекеттің идеологиялық рөлі білім беру жүйесін «цементтемеді» және орталықтандырмады, себебі білім беруді дамытудың нарықтық реттеуіне және қоғамның (сатып алушылар) білім беруді басқару ісіне қатысуына барынша жақындату негізгі мақсат болды.

Үздіксіз тоқырау жағдайындағы білім беру мекемелері үшін Ұлыбританияда нарықтық орта құру әрекетінде өте қызық және нәтижелі эксперименттер жүргізілді. Олардың бірі әу баста жұмыстың инновациялық стиліне ниеттенген және көрсетілетін қызмет «планкасын» беретін жергілікті (колледждің, мектептің) бәсекелес пайда болуынан тұрады.

Ұлыбританияда мемлекет білім беру саласындағы өзгерістер мен инновация идеяларын таратушы рөлін атқарады.

Нәтижесінде қоғамның білім беруді басқару механизмі ретінде қатысуы мектептердің Басқарушы кеңестерін үлкен жетістікпен пайдалану мүмкіндігін

береді.

Шындығында әрбір ағылшын мектебінде қоғамдық Басқарушы кеңес бар (ол бұрын «Басқарушы орган» деп аталды). Бұл Кеңес, заң жүзінде, мектептің қызметіне басшылық жасауы тиіс. Осы органның құрамына келесі өкілдер кіреді:

- ата-аналар, оларды басқа ата-аналар сайлайды;
- мұғалімдер, оларды мектеп қызметкерлері сайлайды;
- директор;
- жергілікті басқару органының өкілдері.

Бұл топ Кеңестің басқа мүшелерін: іскерлік орта мен жергілікті қауымдастықтың басқа да маңызды құрылымдарының өкілдерін тартады. Егер мектептің қызметін қайырымдылық қоры қолдап отырған болса, олар осы қордың да жұмысын басқарады. Кеңестің құрамында оқу орнының көлеміне байланысты 15-тен 20-ға дейін адам болады. Кеңес төрағасы сайланады, ол мектеп директоры, немесе мектеп мұғалімдерінің бірі болмайды. Педагогикалық құрамды негізінен директор іріктесе де, Кеңес мұғалімдердің лауазымын бекітеді. Шын мәнінде Кеңес мектептің педагогикалық құрамы үшін жұмыс беруші рөлін атқарады. Мектептің Басқарушы кеңесі мектеп бюджетін бөлуге жауап береді. Кеңес қаржыны жұмсауда басымдықтарды орналастыру үшін жауап береді, қанша мұғалім тағайындау, басқа қанша қызметкер қабылдау, қандай техника және кітаптар сатып алуды, мектеп ғимаратының жөндеу жұмыстарына және қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін қанша қаржы жұмсау қажет екенін шешеді.

Ол мектептің оқу бағдарламасы үшін жауап береді (міндетті ұлттық оқу жоспарын орындауға бөлінген уақыттан тыс сағаттарға иелік ете алады) және мектеп өмірінің ережесін (оқушылар тәртібінің ережесі, мектеп формасын енгізу немесе бас тарту) орнатады.

Ол шын мәнінде мектеп ғимаратының қожайыны болуы мүмкін, іргелі инвестициялардың көп бөлігін тартуға жауап береді. Кеңестің жұмысын жұртшылық бақылайды. Жылына бір рет Кеңес мүшелері мектептің қызметі туралы жылдық есепті жариялап отыруы тиіс, онда мектептің білім беру тестілеуіндегі нәтижелері де көрсетілуі қажет. Мұнан кейін жалпымектептік жиналыс болады, онда оқушылардың ата-аналары дайындалған баяндаманың мәні бойынша сұрақтар қоя алады. Қолда бар деректерге сүйене отырып, Кеңес балаларды оқыту мен мектептің келешектегі жай-күйінің сандық көрсеткішін жасайды, бұл көрсеткіштерді жетілдіру жолдарын іздестіреді. Сондай-ақ жоспарланған көрсеткіштер де (мақсаттар) жарияланады. Кеңес қызметінің көптеген түрі мектеп саясатын іске асыруда ең беделді дауысқа ие болатын директордың тікелей қатысуымен атқарылады. Жергілікті биліктер мектеп өмірін тура басқара алмайды. Бірақ олар мекеменің үлгеріміне мониторинг жүргізеді және өз тарабынан қаржының жұмсалуды бақылайды. Мектептерге өкілеттікті табыстау – шындығында оларды өзін-өзі басқаруға, дербес және тәуелсіз режимге ауыстыру, – олар бірқатар шарттарды орындағаннан кейін ғана мүмкін болады. Егер мектепті басқару тиімсіз, сыбайлас жемқорлық

жағдайы немесе мектептің академиялық көрсеткіштері сәйкес емес болса және ата-аналардың шағымын тудырған кезде жергілікті өкіметтің араласу құқығы бар және араласуы тиіс. Мұндай билікті құқық заңмен ресімделген. Араласудың ең жеңіл формасы – бұл жазбаша ескерту, ол мектеп директорына және мектептік басқару органына (кеңеске) жолданады. Онда қалыптасқан жағдайды түзету бойынша мектеп қандай шара қолдануы тиіс екені хабарланады. Ең болмағанда, өкімет мектептен бюджетін тартып алуы немесе басқару органдарын ауыстыруы мүмкін. Бірақ әр жолы, мектептің қызметіне араласқысы келген кезде, олар өздерінің араласуын дәйекті түрде дәлелдеулері қажет.

Ағылшын реформасының жетістіктері мен проблемалары:

1) Білім беруді реформалау үшін мектептер тікелей жауапты. Ол үшін мектептер қаржымен және билік өкілеттігімен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген. Олар жұртшылық алдында есеп беруге міндетті болғандықтан оларға артылатын жауапкершілік те көбейе түседі.

2) Жақсы директорлар мен мұғалімдерде көптеген формальды тәуелділіктен азат болу сезімі пайда болды. Енді шұғыл жөндеу жұмыстары қажет болған жағдайда білім беруді басқарудың жергілікті органдарынан рұқсат сұрау қажет емес. Сондай-ақ мұны ешкіммен келісу керек емес, тек алып, жасау қажет.

3) Мектептерді түрлендіру мүмкіндігі пайда болды, себебі әр мектеп өз тағдыры үшін жауапты.

4) Мектеп өмірін демократияландыру. Қазіргі таңда мектепті басқару ісіне ата-аналар бұрынғымен салыстырғанда анағұрлым көп қамтылып отыр.

5) Мектеп атқаратын негізгі міндеттерге қатысты мәліметтер кең түрде жарияланады. Білім берудегі жариялылықтың британдық нұсқасы міне, осындай. Сол себепті ешқандай проблема жұртшылық назарынан тыс қалмайды.

Дегенмен, күні бүгінге дейін лайықты шешімі табылмай отырған мәселелер бар.

Бірінші проблема: мектептік Басқарушы кеңестің құрамына кіретін азаматтар шындығында еріктілер (волонтер) болып жұмыс жасайды, оларға бұл еңбектеріне ақы төленбейді, бірақ бұдан Кеңес мүшелерінің жауапкершіліктері азаймайды.

Екінші проблема: бұрынғыша көп нәрсе директорға, оның тұлғалық қасиеттеріне және кәсіби біліктілігіне байланысты. Қазір мектеп басшыларын дайындауға көп қаржы бөлінуде. Бұл процесс 90-жылдардың ортасында басталды, шындығында оны ең болмағанда 80-жылдары бастау қажет еді. Өзгеріс процесі кей уақытта проблемалы және шиеленіскен сипатта болғанына қарамастан, қазір көптеген ағылшын мектептерінің қызметкерлері (ата-аналары да) «уақытты кері бұруға» және бұрынғы жағдайға оралуға келіспейді деп сеніммен айтуға болады.

Басқарушы кеңестерді (БК) құру және қызмет ережесі 2003 жылдың наурыз айында қабылданды, және келесі жаңа ережелер 2003 жылдың 1

қыркүйегінен 2006 жылдың 31 тамызына дейін қолданысқа енгізілуі тиіс болды. Біздің жағдайда Басқарушы кеңестердің ағылшындық моделін енгізу мүмкін емесі анық.

Білім берудегі жағдай, және де біздің қоғамның азаматтық мәдениеті мектеп жұмысының барлық жауапкершілігін кеңеске жүктеп қоюға мүмкіндік бермейді. Англияда бұл үшін 15 жыл қажет болды. Шын мәнінде Басқарушы кеңес директорға, оқушыларға, ата-аналарға, директормен бірге мектептің бүкіл педагогикалық қызметкерлеріне басшылық жасайды.

Біздің жағдайда Басқарушы кеңесті басқару вертикалында мектеп директорына теңеп, алқалы орган ретінде құрып көру керек. Бұл кезде мүдделер жанжалын болдырмау үшін басқару өкілеттігін директор, кеңес және білім беруді басқарудың жергілікті органы арасында бөлуге аудару қажет.

Осы іс-тәжірибе нығаюына қарай мектептік білім беру табиғи түрде басқарудың жаңа принциптері мен стиліне ауысады, директорлар мен әкімгерлерге қойылатын талаптарды, соңынан білім беруді басқарудың барлық жүйесін өзгертеді.

Соңында, бірақ ағылшындар айтқандай, мектеп кеңестерінің пайда болуы – білім беру жүйесін ырықтандыру жолы ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғамды дамыту, демократияны дамыту инструменті маңыздылығы жағынан соңында емес.

АҚШ және Еуропа мектептеріндегі қамқоршылық кеңестері қызметінің іс-тәжірибесін қарастырайық.

«АҚШ мемлекеттік мектептеріндегі басқарушы органдар» тақырыпшасы функционалдық міндеттер, білім беру саясатын дайындау, білім беру ұйымдарын басқару, мемлекеттік білім беру саясатына, шешім қабылдау рәсіміне жұртшылықты тарту, мектеп кеңесінің құрамы, өкілетті мерзімі мен мектеп кеңесі мүшелерін оқыту туралы талдау ақпаратынан тұрады. Мұнан басқа осы бөлімде Калифорния штаты мысалында мемлекеттік мектептердегі мектеп кеңесінің моделі қарастырылады.

Мектеп кеңесі білім берудің қоғамдық-мемлекеттік басқарудағы негізгі механизмі ретінде жұртшылықты тартудағы мектеп кеңесінің рөлі және оның міндеттері, мектеп кеңесі мүшелерінің міндеттері, мектеп кеңесін құру рәсімі мен құрамы, мектеп кеңесі мүшелерінің саны, мектеп кеңесінің өкілетті мерзімі және сайлау зерделенген.

АҚШ қамқоршылық кеңестері туралы мәселені зерделеудегі келесі маңызды кезең – бұл жеке мектептердің моделін зерттеу. Сол себепті құралда Гэллоуэй, Пайдея, Беркли Кэрролл жарғылары мысалдарында жеке мектептер басқарушы органының моделі ұсынылған.

Қамқоршылық кеңестерінің еуропалық модельдері талдаулық шолудың үшінші бөлімінде қарастырылған. Бұл жерде Еуропалық Одақтағы басқарушы органдар, және Англия егжей-тегжейлі зерделенген.

Еуропалық Одақтағы Басқарушы органдардың талдаулық шолуы Еуропадағы қазіргі кездегі бар модельдердің жалпы сипаттамасынан тұрады, Финляндия, Норвегия, Нидерланды және Швейцарияның іс-тәжірибесі

ұсынылған. Ал екінші тақырыпшада Англиядағы мемлекеттік және жеке мектептердің басқарушылық кеңестерінің мысалдары терең зерттелген. Сонымен қатар бұл жерде Англиядағы заңнама мен қолданыстағы модель, ағылшын реформасының жетістіктері мен проблемалары, мемлекеттік мектептер жанындағы басқарушы кеңестің құрамы мен қызметі туралы мәселеге толық жауап берілген. Англияның басқарушы органдарын толық түсіну үшін Шолуда бақарушылық кеңестердің қолданыстағы түрлері туралы анықтамалар және тұтас алғанда басқарушы кеңестер қызметінің тиімділігі туралы негізгі қорытындылар ұсынылған.

Көптеген елдердегі мектептерде түрлі, кеңестер, комитеттер, форумдар мен комиссиялар сияқты құрылған басқарушы органдардың көмегімен мұғалімдер, ата-аналар, оқушылар және білім беруді басқарудың жергілікті органдары басқаруға қатыса алады.

Шындығында барлық елде қамқоршылық кеңес коммерциялық емес ұйымдардың жарғысы шегінде қызмет етеді. Кеңестің негізгі қызметі ұйымның басты құндылықтары мен мақсаттарын кепілді сақтау болып табылады. Мысалы, АҚШ, Англия және басқа шетелдік мемлекеттердегі орта мектептердің қамқоршылық кеңестерінің мақсаты бұл – «мектептің миссиясы мен міндетін алға жылжыту», Нидерланды мен Швейцарияда – «сапалы білім беру қызметін көрсету», бұлардың барлығы өз кезегінде тұтас алғанда мектептің қызметіне тиімді ықпал етеді.

Кей жағдайларда, игерген іс-тәжірибе мен білімге байланысты, кейбір тұлғалар қызметтің белгілі бір саласына тағайындалуы мүмкін; басқа жағдайларда жарғы кеңеске ұжымдық міндеттерді бірге бақылау мүмкіндігін береді.

Зерделенген елдердің көпшілігінде кеңестер ұйымға тиесілі мүлікке бақылау, белгілі бір қаржыны басқару, операциялық соманы басқару, және нәтижесінде мектеп бюджетін және педагогикалық құрамның сапасын бақылау міндетін атқаратын, қызметтің белгілі бір саласы кіретін комитеттерден тұрады; олардың қызметі білім берудің тиісті сапасын қамтамасыз етеді деп күтіледі.

Мұнан да басқа көптеген мемлекеттерде кеңес білім беру стандарттары шеңберінде қызмет ететін қайырымдылық жобаларына ерекше көңіл бөледі.

Шет елдерде басқарушы органдардың міндеті барынша кең. Сол міндеттердің бірі – білім беру ұйымының немесе мектептің саясатын дайындау, ол құндылықтарды алға бастырады, сондай-ақ жұртшылықпен өзара әрекеттесудің барлығы қолданыстағы жарғыға сәйкес жүргізілетініне кепілдік береді. Сол сияқты кеңес коммерциялық емес ұйымның жарғысына өзгеріс енгізуге, және жарғысын өзгертуге уәкілетті.

Кейде дамыған елдерде осындай өзгерістердің салдарынан қамқоршылық кеңестері тұтас әлеуметтік институттар деңгейіне дейін өседі, мемлекет олардың заңмен бекітілген нормативтік-құқықтық негізі мен берік материалдыққаржылық базасы бар қызметін таниды.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес қамқоршылық кеңестері нақты қоғамдық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін инструмент болып табылатынын атап

көрсету қажет.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері бір жылдан үш жылға дейін мерзімге сайланады (Англия, Нидерланды), алайда түрлі жарғылар тұлғаларға әр мерзімі аяқталғаннан кейін қайта сайлану және қайта тағайындалу мүмкіндігін береді. Калифорнияда мектеп кеңесін сайлау тәртібі ерекше – шахмат кестесі бойынша, сайлау әр 4 жыл сайын болмайды, мысалы, егер қамқоршылық кеңесінің мүшелері 6 адам болса, онда әрбір 2 жыл сайын келесі 4 жылға бос орын (вакансия) болуы тиіс.

Шет елде тиімді қызмет ету мақсатында басқару органдары оқытудың нұсқаулықтарымен қамтамасыз етіледі, кеңес мүшелерінің біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар қарастырылған. Мысалы АҚШ-та білім беру мамандарын тікелей мектептік кеңестерде жұмыс істеуге даярлау қарастырылмаған болса да, қазіргі таңда мектеп кеңестерінің біліктілігін арттыру және оқыту мектеп кеңесінің барлық мүшелері үшін міндетті форма деңгейіне ауысып отыр. Бағдарламалар мектеп кеңестерінің мемлекеттік ассоциациясымен немесе мектеп кеңесі мойындаған басқа да органдармен, мысалы халықаралық ассоциациясымен немесе қалалық білім беру бөлімдері кеңесімен ұсынылады.

АҚШ мектеп кеңестерін оқыту шеңберінде мектеп кеңесінің жаңа мүшелері бағдарлануы тиіс. Мектеп кеңесінің жаңа мүшелері мәдениет пен мәнмәтін дайындаған және өз міндеттерін орындауын жалғастырып отырған, өзі шешім қабылдау процесі үшін осыған дейін мүше болған кеңеске кіреді.

Мектеп кеңесінің жаңа мүшелері мектеп бағдарламалары мен қызметі жөніндегі негізгі ақпаратты түсінуінің өте қажет. Кеңес мүшелерінің бастауыш және бағдарлық бағдарламаларсыз іс-тәжірибе алуы, өз міндеттерін тиімді және сеніммен атқаруы үшін кеңесте кемі екі жыл қызмет етуі қажет.

Мемлекеттік білім беруде ұсынылатын негізгі тақырыптар білім туралы заңдардан, өзара қаржылық қарым-қатынастан және кеңес пен аймақтағы мектептің аға инспекторы арасындағы өзара қарым-қатынастардан тұрады. Басқа тақырыптар келіссөздер, оқыту курсының басқару, еңбектегі құқықтық қатынастар, саясатты дайындау, заңнама, жергілікті халықпен байланыс орнату, стратегиялық жоспарлау және арнайы білім беруден тұрады.

Мектеп кеңестері мүшелерін білім беру салаларындағы соңғы зерттеулер саласындағы деректермен таныстыру АҚШ мектеп кеңестерін оқытудың айтарлықтай жаңа параметрлері болып саналады. Мұндай ақпарат, баламалы шешім қабылдау мен қарастырылған мәселе бойынша тиімді нұсқаны таңдау негізін қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Англиядағы басқару органының бірден бір ерекшелігі – мектепте қайырымдылық қорының болуы. Егер мектептің қызметін қайырымдылық қоры қолдап отырса, кеңестер осы қордың да жұмысын басқарады. Сол сияқты, қаржыны жұмсаудың басым жақтарын анықтайды, қанша мұғалімді тағайындауды, басқа қанша қызметкер қабылдауды, мектепке қажет техника және оқу құралдарын сатып алуды, жөндеу жұмыстарына және қалыпты жағдайда ұстап тұру үшін қанша қаржы жұмсау қажет екенін кеңес шешеді.

Эстон Республикасы мектептерін басқару тәжірибесі қызықты.

Эстонияның жалпы орта білім беруінде қоғамдық басқару оқушылар өкілдігі, педагогикалық және қамқоршылық кеңестер арқылы жүзеге асырылады. Эстония мектептерінің қамқоршылық кеңесі үнемі қызмет жасап отыратын орган, оның міндеті мектеп оқушылары, педагогтары, мектептің иесі, оқушылардың ата-аналары, мектеп түлектері және оқу-тәрбие жұмысын бағдарлау және бақылау бойынша мектепті қолдайтын ұйымдар, оқу және тәрбие беру үшін қолайлы жағдай жасау болып саналады.

Оның құрылу және қызмет тәртібін мектептің иесі белгілейді. Мектеп директоры қамқоршылық кеңесіне есеп беруге міндетті.

Ресей Федерациясындағы «Білім туралы» заңның жаңа жобасы мектептегі өзін өзі басқарудың жаңа формасы – Басқарушы кеңестерді енгізуімен ерекшеленеді. 1996 жылы мектептік мекемелерге енгізілген қамқоршылық кеңестерден Басқарушы кеңестердің айырмашылығы – олар стратегияны басқаруда шынайы басқару өкілеттігіне ие, бюджеттік қаржылық қаражатты қоса алғандағы ресурстардан және кадрлық ресурстардан тұрады.

2004-2006 жылдары білім беруді дамытудың Федералдық бағдарламалары шеңберінде мектептердің Басқарушы кеңестері моделін байқаудан өткізу және Ресейдің алты аймағында осы модельді іс жүзінде кең және жаппай енгізуге дайындау бойынша эксперимент іске асырылды.

Эксперимент мониторингі назар аударуға тұрарлық нәтижелерді тіркеді. Мысалы, мектеп әкімшілігінде туындаған бірқатар қиындықтар мен шиеленістер басқаруда қоғамдық қатысудың артуымен байланысты емес, алқалы басқару мәдениеті мен дағдылары болмауы немесе қабылдамауы. Сол сияқты, мектеп әкімшілігі тарабынан Басқарушы кеңестерін енгізуде туындаған қарсылықтар туралы болжамдарға қарамастан, кейбір директорлар қамқоршылық кеңестерінен соңғылардың құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша да жауапкершілікті бөлісу мүмкіндігін көреді, сондықтан оларды құруға және дамытуға қолдау көрсетеді. Тұтас алғанда, білім беру процесіне қтысушылардың барлығы – федералдық өкіметтер, жергілікті өкіметтер, білім беру мекемелері, педагогикалық ұжым, оқушылар, ата-аналар үшін қамқоршылық кеңестерін енгізудің маңызы мен пайдасы көрсетіледі.

Сонымен, қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыруың қазақстандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу негізінде Қазақстанда,ы қамқоршылық кеңестері институтын дамыту жөніндегі ұсынымдар ретінде төмендегі ұсынылады:

1) Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін білім беру ұйымдары жанында қамқоршылық кеңестерін құруды жалғастыру;

2) Қамқоршылық кеңестерін құру және дамыту процесін ақпараттық, оқу, әдістемелік сүйемелдеу;

3) Қамқоршылық кеңесі қызметі мен оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік ережелерін дайындау және бекітуге кіргізу;

4) Демеушілік көмек көрсеткен жеке және заңды тұлғаларды ынталандыру механизмін дайындау;

5) Жаңа үлгілік ережелерді дайындауда мектепті дамыту стратегиясын дайындауда, бюджетті бекіту және т.б. қамқоршылық кеңестерінің өкілеттігіне қосу.

2 Білім беру ұйымдары қамқоршылық кеңестері қызметінің тиімділігін теориялық-әдіснамалық негіздеу

Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің қызметі – бұл бюджеттен тыс қаржыны тартудың тиімді, заңдылықты сауатты инструменті ғана емес, сонымен қатар, мектепке, педагогикалық ұжымға және оқушыларға көмек көрсетудің ең тиімді тәсілі.

Қазақстандық білім беруді жүйелі түрде жетілдіру жағдайында қамқоршылық кеңестері қызметінің сапасын арттыру – объективті қажеттілік.

Ғылыми-әдіснамалық әдебиеттерді зерделеу және білім беру ұйымдары қамқоршылық кеңестерінің қызметін талдау қамқоршылық кеңестерінің қызметін теориялық-әдіснамалық негіздерін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Әлеуметтік ұйымдарды зерттеуде әлеуметтану тәсілдерінің қалыптасуына Ф. Тейлор, М. Вебер, А. Маслоу, Р. Мертон, Т. Парсонс, А. Файоль, А. Этциони, Э. Гидденс, Н. Смелзер, Дж. Томсон, Л. Бовье және т.б. елеулі үлес қосты. Олардың еңбектері әлеуметтік институттар мен әлеуметтік ұйымдарды зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін құрады.

Социологтар бұл проблеманы зерттеуге ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасында назар аударды. Д.М. Гвишиани, А.И. Пригожин, А.А. Радугин, К.А. Радугин, В.В. Щербиннің зерттеулері арқасында әлеуметтану ғылымының осы саласында бірқатар өзекті проблемалар дайындалды.

Соңғы онжылдықта В.И. Башмаков, К.А. Кравченко, В.Р. Веснин және т.б. ғалымдар әлеуметтік институттар мен әлеуметтік ұйымдарды теориялық-қолданбалы аспектілер тұрғысынан зерттеуде зор үлес қосты.

Қамқоршылық кеңесінің негізгі қызметі мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуінен тұратындықтан, аталған институттардың өзара қарым-қатынасы проблемасын зерттеу жөніндегі Т. Голенкова,

И.Б. Левин, К. Гаджиев, А. Кочетков, К.Г. Габдулина, Н.Ж. Асыллов, Ш.Е. Джаманбалаева, З.Ж. Жаназарова, Г.С. Әбдірайымова, Н.М. Кудро, Ж.А. Нұрбекова, М.С. Садырова және т.б. жұмыстары қарастырылған.

Ғылыми дерекнамалардың жеке тобын қамқоршылық кеңестерін құру мен қызмет ету проблемасына арналған басылымдар құрайды.

XIX және XX ғасырлардағы қоғам қайраткерлерінің, сондай-ақ қазіргі ғалымдарының еңбектерінде қамқоршылық кеңестері қызметінің түрлі аспектілері қарастырылған.

Мысалы, революцияға дейінгі Қазақстанда қайырымдылық ұйымдары проблемаларына қатысты зерттеулер жүргізілді (Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов және т.б.), оларда халықтың ең мұқтаж тобына, жетімдерге, ауылдағы панасыз қарияларға материалдық көмек пен қолдаудың өзге түрлерін көрсетуге бағытталған мемлекеттік ұйымдар мен жеке адамдардың (соның ішінде қамқоршылық кеңестер түріндегі де) түрлі қызметі қамтылды.

Заманауи шет елдік кәсіптік мектепте білім беруді басқарудың демократиялық органдарының, оның ішінде қамқоршылық кеңестерінің қызметі А.М. Новиков, С.П. Титович, Ю.С. Алферов, С.Т. Керрдің еңбектерінде

көрсетілген.

Әлеуметтік және білім беру қызметінің заманауи қазақстандық жүйесін қалыптастыру проблемасын шешудегі, ұқсас шетелдік және отандық тәжірибені зерттеудегі жаңа кезең өткен ғасырдың 90-жылдарының басына сәйкес келеді. Бұл кезең әлеуметтік қызметтің проблемалары жөніндегі бірқатар теориялық-әдіснамалық және қолданбалы жұмыстармен, мемлекеттік мекемелер жанынан қоғам өкілдігі институттарын құру арқылы мемлекет және азаматтық қоғамның өзара әрекеттесу практикасының тәжірибесі баяндалған талдау материалдармен толықтырылды (НЗМ қамқоршылық кеңестері).

Зерттелетін проблема қимасында білім беру және әлеуметтік қорғау салаларында жаңа басқару технологияларының мәнін және мазмұнын ашуға бағытталған ғылыми еңбектер де қарастырылған. Осы салада С.И. Григорьев, Л.Г. Гуслякова, В.И. Жуков, Э.Г. Зайнышев, Т. Шаниннің еңбектері көпшілікке белгілі және танымал болды.

Қамқоршылық кеңестерінің құрылу мәселелері ҚР Білім және ғылым министрлігі арнайы дайындаған бірқатар нормативтік құжаттарда көрініс тапқан.

Соңғы жылдары білім беру саласында қамқоршылық кеңестерінің саны айтарлықтай артты. Қамқоршылық кеңестерінің қызмет етуі білім беру процесіне және шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларына сәйкес нақты аймаққа қолдануға болатын білім берудің объективті және жан-жақты, соның ішінде түрлі, арнайы қызметін анықтауына ықпал етеді.

Осы сияқты ықпалдың әсері қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық өзгерістерге сәйкес келеді.

Бүгінгі таңға дейін Қазақстанда қамқоршылық кеңестері қызметінің мәні заң жүзінде жеткілікті ресімделмеген.

Қамқоршылық кеңестерінде бірыңғай нормативтік-құқықтық негіз болмауы салдарынан қамқоршылық кеңестеріне кіруге жұртшылық өкілдерін тартуға ықпал ете алмау – оның қызметінің тиімділігін төмендетуге себеп болып отыр.

Қолданыстағы нормативтік құжаттарда қамқоршылық кеңестерінің жалпы мәселелері және қызмет ету принциптері баяндалған. Қамқоршылық кеңестерінің ұйымдастыру-құқықтық формасы, функционалдық міндеттері, кеңесті ұйымдастыру тәртібі жөніндегі нақты ұсынымдардың болмауы, сол сияқты қамқоршылық кеңестерінің қызметінде кездесетін өзіндік мәселелердің болуы олардың жұмысын жандандыруға ықпал етпей отыр.

Ғылыми әдебиеттерде және нормативтік құқықтық актілерде «қамқоршылық кеңес» түсінігіне бірыңғай, жалпы жұрт таныған анықтама жоқ.

Жоғарыда баяндалған материалдар негізінде келесі қорытынды жасауға болады: қамқоршылық кеңестерін ұйымдастыру проблемасын шешу қамқоршылық кеңестерінің қызмет етуінің тиімділігін арттыратынын тарихи тәжірибе көрсетіп отыр. Революцияға дейінгі Қазақстандағы қамқоршылық кеңестері қызметінің тиімділігі көп жағдайда экономикалық және әлеуметтік уәждің болуымен келісілген. Қамқоршылар өздерінің қамқоршылық кеңестері

жұмысына қатысуы арқасында түрлі жеңілдіктер және балаларын оқу мекемелерінде оқыту мүмкіндігін алды.

Сонымен, жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы – адам санасының онтогенезде әлеуметтік-тарихи келісілгендігі және ересектермен ынтымақтастықта әлеуметтік-мәдени тәжірибені тасымалдаушы ретінде интериоризация жолымен жоғары психикалық функцияларды қалыптастыру туралы ереже, тұлға дамуындағы тарихи-эволюциялық тәсілі (А.Г. Асмолов) және М.И. Лисинаның онтогенезде баланың қарым-қатынасын дамыту туралы: басқа адамның бейнесін және өзіндік «мен» құрастырудағы туыс ересектің рөлі туралы жұмыстар құрады.

3 Қамқоршылық кеңестері жұмыстарын ұйымдастырудың аумақтық ерекшеліктері

Елдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін қалыптастыру жағдайына түзетулер енгізеді.

Жалпы орта білім беру ұйымдарын басқаруға жұртшылықты қатыстыру міндетін шешу үшін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында қамқоршылық кеңестерін құру болжанған [5].

Басқарудың мемлекеттік-қоғамдық механизмдерін дайындауға қойылатын талаптар мемлекет пен қоғамның заманауи отандық үрдістерімен баяндалды, ол балалар мен жастарға білім беру саласында көрсеткішті жақсарту үшін мемлекеттік, жеке және азаматтық тұлғалар арасында тығыз шығармашылық міндетін бірінші орынға қояды.

Осындай өзара әсерлесу нәтижесінде күтіледі:

- білім беру қызметінде қоғамдық қатысу институттарын дамыту;
- білім беру ұйымдары қызметінің ашықтығын арттыру;
- білім беру аясының инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Ата-аналар қазіргі күні мектеппен өзара әрекеттесе отырып, «тұтынушы», «қайырымгер», «серіктес» рөлдерін атқаратынын тәжірибе көрсетіп отыр.

Тұтынушы – бұл білім беру ұйымының қызметін пайдаланатын адам.

Қайырымгер – бұл білім беру ұйымына ерікті түрде ақшалай, заттай және басқа да қайырымдылық көмек көрсетуші.

Ата-аналардың мектеппен қарым-қатынастағы басты рөлі – серіктестік.

Серіктес-ата-аналар мектеп стратегиясын құруға, оны іске асыруға және қол жеткізген нәтижелерге мониторинг жүргізуге қатысады.

Серіктестік – білім беруді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесін қалыптастыру шартының бірі және білім беруді 2010-2020 жылдар аралығында дамытудың бір мақсаты болып табылады.

Аумақтардағы білім беру органдары деректерінің талдауы төмендегіні көрсетіп отыр: қамқоршылық кеңестері республиканың 3259 мектебінде құрылған және ол жалпы мектептердің санының 44,1% құрайды (2011-2012 оқу жылында – 2666 мектеп және 35,7% құрады).

Жеке облыстар бойынша қарастырсақ: Ақтөбе облысында 344, ШҚО - 632, БҚО - 310, Жамбыл - 135, Қарағанды - 539, Қызылорда - 231, Павлодар - 356, СҚО- 519 мектепте қамқоршылық кеңестері құрылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында сәйкес қамқоршылық кеңестері жалпыбілім беру ұйымдарын алқалы басқару формаларының бір түрі, оларға тағы бұлардан басқа педагогикалық, мұғалімдер, оқушылар кеңестері, ата-аналар комитеті, мектеп кеңесі кіреді (1 сурет).

Мектептің отбасымен, ата-аналар комитетімен, социуммен ынтымақтас-тығының жақсы көрсеткіші жалпы білім беретін мектептерде қамқоршылық кеңестерін құру болып табылады.

Қамқоршылық кеңестері қызмет ететін оқу орындарында келесі оң

өзгерістер байқалады:



1 сурет – Орта білім беру ұйымдарында алқалы басқару формасы

1. Жергілікті социумдарда қоғамдық-саяси және мәдени-көпшілік жұмыс жандана түсті.

2. Жергілікті тұрғындармен бірге балалардың ойын және спорттық алаңдары абаттандырылды, жалпы білім беретін мектептердің және қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту үшін бюджеттен тыс қаражат тартылды.

3. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар үшін мектепте тегін тамақтану, саяхаттар, облыс орталығына және республикамыздың астанасы – Астана қаласына сапарлар ұйымдастырылды, қала сыртындағы балалар лагерьлеріне тегін және жеңілдікті жолдамалар бөлінді.

Қамқоршылық кеңестері өзін-өзі басқару органы ретінде жалпы білім беретін мектептерде қамқоршылық кеңестері қызметінің Үлгілік ережелеріне және оны сайлау тәртібіне сәйкес құрылған [6].

Білім беру органдары мен ұйымдары өз жұмысында 2009 жылдың қараша айында Алматы қаласында «Қамқоршылық кеңестері және Түлектер ассоциациясы білім беру жүйесінде қоғамдық-мемлекеттік басқарудың жаңа формасы ретінде» тақырыбында өткен республикалық дөңгелек стол материалдарын басшылыққа алады. Аталған шарада қамқоршылық кеңестерін және Түлектер ассоциациясын құру арқылы жұртшылықты білім беруді бірге басқаруға тарту қажеттілігімен байланысты мәселелер қаралды.

Республикалық дөңгелек стол қорытындысы бойынша ҚР БҒМ Орта білім департаментімен облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларына жұмыста пайдалану үшін «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестерін құру және ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар», Алматы қаласы білім басқармасы «№ 79 гимназия» мемлекеттік мекемесінің қамқоршылық кеңесі туралы ереже», «Гимназия түлектері ассоциациясы» қоғамдық қоры туралы ереже» жобалары жолданды [7].

2010 жылы Алматыда республикалық дөңгелек стол ұсыныстарын жүзеге асыру мақсатында № 79 гимназияда, № 175 мектеп-гимназияда қамқоршылық кеңестері мен № 12 және 105 гимназияларда Түлектер ассоциацияларын құру бойынша пилоттық жобалар жұмысын бастады (Алматы қаласы білім басқармасы бастығының 05.01. 2010 ж. № 1 бұйрығы).

Пилоттық жоба қорытындысы бойынша ата-аналар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың басым көпшілігі қамқоршылық кеңестерін құру туралы ұсынысты қолдады. «Мектепте

қамқоршылық кеңесі не үшін қажет?» сауалына жауап беруде ата-аналар келесі критерилерді анықтады: 1) Білім беру сапасын бақылау. 2) Материалдық мәселелерді шешуде және қаржы қаражатын бөлуде көмек көрсету. 3) Мектептің материалдық жағдайын және абаттандыруын жақсарту. 4) Мектепті басқаруға қатысу. Сондай-ақ ата-аналар комитетінің қызметі аясындағы мәселелер аталды. Қамқоршылық кеңесі құрылған күнде де ата-аналар комитеті өз қызметін тоқтатпайды.

Республиканың көптеген мектептерінде құрылған қамқоршылық кеңестері қызметін зерттеу және талдау мақсатты бағдардың екі тобын көрсетуге мүмкіндік берді:

Мақсатты бағдардың бірінші тобы нақты білім беру ұйымының білім беру бағдарламасын дамытуды қолдауға байланысты;

Екінші топ білім беру ұйымында жеке мәселелерді шешуге байланысты (сапарларға шығу, костюмдер сатып алу және т.б.), мектепке материалдық көмек көрсету және т.б.) іс-шаралар өткізу.

Қамқоршылық кеңесі көбінесе білім беру ұйымы қызметінің тиімділігін арттырумен байланысты мәселелерді шешуге бағдарланады. Мысалы, білім беру мекемесіне бюджеттен тыс қаражатты тарту, білім беру ұйымының төлем қабілеттілігін көтеру, түрлі іс-шаралар өткізу және т.б. ең көп тараған мақсатты бағдарлар болып табылады.

Жоғарыда айтылғандар негізінде осы кеңестер қызметінің іс жүзіндегі басты екі тобын көрсетуге болады:

Қызметтердің бірінші тобы бюджеттен тыс қаржыны тартумен және олардың игерілуіне бақылау жүргізумен байланысты;

Қызметтердің екінші тобы қоғамның білім берудегі әлеуметтік тапсырысына және білім беру жүйесінің мазмұндық аспектісіне байланысты бағдарланған.

Жалпы білім беретін мектептерде қамқоршылық кеңестері қызметін ұйымдастыруға жүргізілген мониторинг көрсеткендей, мектептердегі қамқоршылық кеңестері қызметінің басты тақырыбы: дарынды және аз қамсыздандырылған балаларды қолдау, түрлі үйірмелер мен секциялар ашу, балалар мен жасөспірімдер үшін акциялар ұйымдастыру және өткізу, сол сияқты мектепте инновацияға қолдау көрсету болып табылады.

Қамқоршылық білім беру бағдарламаларын, мектеп бюджетін, яғни осы келісілген бағдарламаның бағасын ұйғаруда және т.б. белсенділік танытады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған педагог қызметкерлердің, ата-аналардың және жұртшылықтың жарияланымдары мен сөйлеген сөздерінің талдауы қамқоршылық кеңесі құрамына қаланың (ауданның) құрметті азаматтары, демеушілер, ата-аналар жұртшылығының өкілдері, басшылар, қоғамды оның пікірі қызықтыратын адамдар енуі тиіс екенін көрсетіп отыр. Бұлар – танымал ата-аналар, іскерлер, мәдениет қайраткерлері, сондай-ақ өздерінің өмірлік ұстанымдарымен қызықтыра алатын, балалар еліктеп жүрген «жұлдыздар» болуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңестері мектеп пен қоғам арасындағы буын болуы тиіс,

себебі мектеп – қызмет көрсетуші, ал қоғам (ата-аналар, жұмыс берушілер, бизнес, БАҚ және т.б.) – оны тұтынушылар. Мектепте қамқоршылық кеңесінің болуы мектепке артықшылықтар беретіні түсінікті. Ол тек бюджеттен тыс қаржыны іздестіріп қана қоймай, оның мүдделерін түрлі деңгейлерде алға бастыратын адамдарды тартады. Ашықтық және айқындық мақсатында мектеп бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыны игеруі бойынша ата-аналар, мектеп педагогтері алдында жыл сайын есеп беріп отыруы қажет.

Қамқоршылық кеңестері міндеттерінің бірі – мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің демеушілік және қайырымдылық көмектерінің арқасында мектепалды, бастауыш сынып оқушыларының барлығын және тұрмысы төмен отбасы балаларын қамтыған «Мектеп сүті» және «Мектеп балы» жобалары табысты жүзеге асырылуда. Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «20 қайырымды іс» патриоттық акция аясында жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған облыстық мектеп-интернатқа 39 ұйым мен мекеме 800 мың теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті [8].

Алматы облысында балалардың иммундық жүйесін күшейту, ағзаларын дәрумендермен толықтыру және жасөспірімдерді қоршаған ортаның зиянды әрекеттерінен қорғау мақсатында «Мектеп балы» жобасы енгізілді. Қазақстан Республикасы тамақтану академиясының қолдауымен Ақсу, Сарқан, Кербұлақ, Балқаш, Алакөл және Райымбек аудандары мектептерінде бірінші сыныптан бастап төртінші сынып аралығында оқитын әрбір балаға тегін бал беріле бастады. Бағдарлама 246 мектептің 51 мың оқушысын қамтыды. Төменгі сынып оқушылары үшін күн сайын берілетін балдың нормасы 10 граммды құрады. Бұл жоба облыстың басқа аудандарында да жалғасын табады.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Менкесер ауылында қамқоршылық кеңесін «Мамбетов және К» серіктестігінің бас директоры басқарады. Мысалы, өткен оқу жылында мектепке жалпы құны 12 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жыл сайын бірінші сынып оқушылары мектеп жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Шаруашылық есебінен мектептің бастауыш буын оқушыларына тегін тамақ ұйымдастырылған.

«Мамбетов және К» шаруашылығы ауылда спортты дамытуға, оқушыларда салауатты өмір салтын тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Осының дәлелі: «Мамбетов және К» жүлдесі үшін волейбол, баскетбол, стол теннисінен және грек-рим күресінен турнир өтті, спорттық инвентарьлар сатып алынды.

Демеушілік қолдау көрсетудің арқасында оқушылардың түрлі спорттық жарыстарға сапары ұйымдастырылған. Стол теннисі үйірмесі құрылды, тренажер залы жабдықталды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруда қамқоршылық кеңесінің күш салуы арқасында Менкесер ауылының көптеген түлектері ауыл шаруашылығымен байланысты мамандықты таңдайды. Қазіргі күні

шаруашылықта мектеп түлектері құрылыс шебері, механик, агроном, электрик болып қызмет етуде.

Алматы облысы Жамбыл ауданы Абай атындағы мектептің қамқоршылық кеңесі құрылған 5 жыл арасында заманауи талапқа сәйкес «Өзін-өзі тану», «Құқық» кабинеттерін жабдықтады. Спорттық жабдықтар мен музыкалық аппаратура сатып алынды, аз қамсыздандырылған және көп балалы отбасы балаларына материалдық көмек көрсетілді және т.б.

Қамқоршылық кеңесінің қолдауымен оқушылардың «Медеу» мұз айдынына, Іле-Алатау ұлттық саябағына және т.б. саяхаттары ұйымдастырылды, мұғалімдерге жергілікті мекен-жай бойынша рейдтер жүргізуіне және балалардың сабақтан бос уақытын қызықты өткізуіне көмектеседі. Материалдық қолдау көрсету мақсатында көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардың үйіне барады.

Алматыдағы № 79 гимназия қамқоршылық кеңесін құру тәжірибесі қызықты. Қамқоршылық кеңесі педагогикалық кеңес жұмыстарына, ішкі тәртіп ережелерін дайындауда, кадрлық әлеуетті, оның ішінде гимназия әкімшілігін құруда, шығармашылық, зияткерлік байқаулар, сайыстар ұйымдастыруда, даму бағдарламаларын бекітуде, оқыту сапасына бақылау жүргізуде, бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыны мақсатты игеруде қатысуға құқылы.

Гимназияда қамқоршылық кеңесі қызметін ұйымдастыру және жүргізу бойынша жұмыс тобы құрылған. Қамқоршылық кеңесі туралы ереже дайындалған. Қамқоршылық кеңесі туралы ереже заңгерлермен келісілген, қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес құрастырылған. Кеңес құрамына ата-аналар, мұғалімдер, БАҚ, «Ұстаз» қалалық кәсіподақ өкілдері, мәслихат депутаты, барлығы 19 адам кірді.

Мектепте қамқоршылық кеңесі қажеттігін анықтау мақсатында 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Ата-аналардың 100% қамқоршылық кеңесін құруға келісім берді.

Ата-аналар тарапынан айтылған тілектер:

- кабинеттерді жаңа оргтехникамен және құралдармен жабдықтау;
